Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» Республикалық мемлекеттік мекемесі
Экологиялық мониторинг департаменті

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЖӘНЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

3 тоқсан

Алматы, 2026 ж.

МАЗМҰНЫ Бет.

Кіріспе 3
1 Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері 4
2 Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі 5
3 Жауын-шашын сапасының жай-күйі 12
4 Жер үсті суларының жай-күйі 13
5 Радиациялық жағдай 15
6 Топырақтың ластану жағдайы 16

Қосымша 1 17
Қосымша 2 21
Қосымша 3 24
Қосымша 4 25
Қосымша 5 25
Қосымша 6 28
Қосымша 7 28

Кіріспе

Ақпараттық бюллетень «Қазгидромет» РМК мамандандырылған бөлімшелері Ұлттық гидрометеоролгиялық қызметтің бақылау желісіндегі қоршаған ортаның жай-күйін бақылау бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша дайындалды.

Бюллетень мемлекеттік органдарды, қоғамды және тұрғындарды Алматы және Алматы облысы аумағындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы хабарлауға арналған және Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс- шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет ластану деңгейінің үздіксіз өзгеру тенденциясы.

1. Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша атмосфералық ауаны ластаушы негізгі көздер

Статистикалық деректер: Өңірде 8974 стационарлық ластау көзі бар, олардың 5581-і ұйымдастырылған, 1078-і тазарту қондырғыларымен жабдықталған.

Алматы әкімдігі басқармасының мәліметіне сәйкес, Алматы қаласындағы жеке үйлердің саны - 151 059 бірлікті құрайды. Оның ішінде газбен жылыту бойынша-149 341 бірлік.

Полиция департаментінің деректері бойынша Алматы қаласында 692766 бірлік автокөлік құралдары тіркелген, оның ішінде: жеңіл автомобильдер – 613038 бірлік құрайды, автобустар – 12269 бірлік құрайды, жүк автомобильдері – 47449 бірлік құрайды, арнайы техника-1405 бірлік құрайды және мотокөлік - 18605 бірлік құрайды.

Жыл сайын автокөлік саны 41734 бірлікке артып келеді.

1.1 Жетісу облысы бойынша атмосфералық ауаны ластаушы негізгі көздер

«Жетісу облысы бойынша экология департаменті» РММ-нің мәліметтеріне сүйенсек, Жетісу облысының қоршаған ортаға елеулі әсер ететін I санаттағы 18 нысан операторы қызмет атқарады. Атмосфералық ауаның ластану деңгейіне негізгі әсерді жылу-энергетика кәсіпорындары, сондай-ақ тау-кен өндіру және тау-кен өңдеу саласының ұйымдары тигізеді.

Ластаушы заттардың шығарындылары бар стационарлық көздердің жалпы саны 603 бірлікті құрайды, оның ішінде 305-і ұйымдастырылған көздер. 153 көз тазарту қондырғыларымен жабдықталған. I санаттағы нысандар бойынша атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың көлемі 12,8 мың тоннаны құрайды.

Сонымен қатар өңір кәсіпорындарында қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға және технологиялық процестерді жетілдіруге бағытталған табиғатты қорғау іс-шаралары жүйелі түрде іске асырылуда. Атап айтқанда, қазандықтар мен жылу электр станцияларын газ отынына көшіру, жаңа тазарту қондырғыларын пайдалануға енгізу және қолданыстағыларын жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Қабылданған шаралардың нәтижесінде атмосфераға бейорганикалық шаң, күйе, көмірсутектер мен ауыр металдар шығарындыларының айтарлықтай қысқаруына қол жеткізілді.

Сондай-ақ, облыста газдандыру жұмыстары белсенді түрде жалғасуда, бұл атмосфералық ауаға түсетін антропогендік жүктемені азайтуға және өңірдің экологиялық қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді.

.

2. Алматы қаласы 2026 жылғы 3-ші тоқсанның атмосфералық Ауа сапасының мониторингі.

Алматы қаласының атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 16 стационарлық бекетте жүргізілді, қол күшімен сынама алынатын 4 бекетте және 12 автоматты бекетте жүргізіледі. (Қосымша 1).

Жалпы қала бойынша 25 көрсеткіш анықталады: *1) қалқыма бөлшектері (шаң); 2) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері; 3) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) фенол; 9)формальдегид; 10)озон; 11) кадмий; 12) мыс; 13) күшән; 14) қорғасын; 15) хром (6+); 16) никель; 17)мырыш; 18)бенз(а)пирен; 19) бензол, 20)этилбензол, 21)хлорбензол, 22)параксилол, 23)метаксилол, 24)кумол, 25) ортаксилол.*

Алматы қаласындағы атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері.

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі ***жоғарғы деңгей*** болып бағаланды, **СИ=5,6** және **ЕЖҚ=15%** (жоғары деңгей) мәндерімен анықталды.

Нақты мәндер, сонымен қатар арту жағдайларының сапасы мен саны жағдайларының мөлшерлері 1-ші кестеде көрсетілген.

1 - кесте

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр (Qо.т.)		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр (Qм.б.)		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м3	ШЖШо.т. асу еселігі	мг/м3	ШЖШм.б.асу еселігі	%	> ШЖШ	>5 ШЖШ оның ішінде	>10 ШЖШ
Алматы қаласы								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,22	1,5	0,62	1,2	3	34		
РМ-2,5 қалқыма бөлшектері	0,01	0,21	0,45	2,8		160		
РМ-10 қалқыма бөлшектері	0,01	0,16	0,45	1,5		27		
Күкірт диоксиді	0,01	0,15	0,69	1,4		204		
Көміртегі оксиді	0,49	0,16	9,37	1,9		22		
Азот диоксиді	0,04	0,9	0,68	3,4	1	538		
Азот оксиді	0,03	0,43	0,63	1,6		117		
Озон	0,01	0,3	0,90	5,6	2	270	2	
Фенол	0,001	0,32	0,010	1,00				
Формальдегид	0,01	0,89	0,04	0,80				
Бензол	0,007	0,07	0,01	0,03				
Хлорбензол	0,007		0,01	0,10				
Этилбензол	0,004		0,01	0,50				
Бенз(а)пирен	0,0004	0,36	0,002		5	3		
Параксилол	0,00		0,01	0,05				
Метаксилол	0,00		0,01	0,05				

Ортоксилол	0,00		0,01	0,05				
Кумол	0,00		0,01	0,71				
Кадмий	0,001	0,00						
Қорғасын	0,014	0,05						
Күшәла	0,003	0,01						
Хром	0,020	0,01						
Мыс	0,012	0,01						
Никель	0,000	0,00						
Мырыш	0,093	0,00						

Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша эпизодтық бақылау деректері негізінде:

- Қонаев қаласында фенолдың максималды бір реттік концентрациясы – 1,0 ШРК (шекті рұқсат етілген концентрация) болды;
- Алатау қаласында максималды бір реттік концентрациясы азот диоксиді бойынша – 1,6 ШРК;
- Талғар қаласында максималды бір реттік концентрациясы азот диоксиді – 1,1 ШРК;
- Есік қаласында №1 нүктеде фенолдың максималды бір реттік концентрациясы – 2,1 ШРК және №2 нүктеде фенолдың максималды бір реттік концентрациясы – 2,4 ШРК анықталды;
- Түрген ауданында №1 нүктеде фенолдың максималды бір реттік концентрациясы – 1,1 ШРК анықталды;
- Өтеген батыр кентінде №1 нүктеде азот диоксиді максималды бір реттік концентрациясы – 1,15 ШРК және №2 нүктеде азот диоксидінің максималды бір реттік концентрациясы – 1,0 ШРК анықталды;
- Алматы қаласы, Наурызбай ауданында азот диоксидінің максималды бір реттік концентрациясы – 1,1 ШРК;
- Қаскелең қаласында №1 нүктеде күкірт сутегінің максималды бір реттік концентрациясы – 1,6 ШРК, ал №2 нүктеде фенол – 1,2 ШРК және күкірт сутегі – 1,0 ШРК, басқа ластаушы заттар рұқсат етілген шектерде болды (2-кесте).

2-кесте

Атмосфералық ауа сапасын эпизодтық өлшеу нәтижелері

Наименование точек		**Қалқыма бөлшектер РМ-2,5**	**Қалқыма бөлшектер РМ-10**	**Күкірт диоксиді**	**Көміртек тотығы**	**Азот диоксиді**	**ЛОС**	**Формальдегид**	**Фенол**	**Күкірт сутегі**
Қонаев қ. Алматы облысы	мг/м^3	0,013	0,037	0,000	1,9	0,090	0,03	0,000	0,010	0,004
	ШЖШ еселігі	0,08	0,12	0,00	0,4	0,45	0	0,00	**1,0**	0,5
Алатау қ. Алматы облысы	мг/м^3	0,052	0,087	0,000	1,4	0,050	0,2	0,000	0,014	0,006
	ШЖШ еселігі	0,33	0,29	0,00	0,3	0,25	0	0,00	**1,4**	0,8
Талғар қ. Талғар ауданы	мг/м^3	0,054	0,060	0,000	0,7	0,22	0,1	0,000	0,004	0,004
	ШЖШ еселігі	0,34	0,20	0,00	0,1	**1,1**	0	0	0,40	0,5

Бокина көшесі										
Есік қ. Еңбекшік азақ ауданы, №1 нүкте Тоқатаева көшесі	мг/м^3	0,042	0,091	0,000	0,1	0,060	0,4	0,000	0,021	0,004
	ЩЖШ еселігі	0,26	0,30	0,00	0,00	0,30	0	0	**2,1**	0,5
Есік қ. Еңбекшік азақ ауданы, №2 нүкте Абай, 87 көшесі	мг/м^3	0,035	0,102	0,000	0,3	0,00	0,3	0,000	0,024	0,004
	ЩЖШ еселігі	0,22	0,34	0,00	0	0	0,1	0,00	**2,4**	0,5
Түрген а. Енбекшік азақ ауданы нүкте №1 Құлмамбет1, көшесі	мг/м^3	0,023	0,071	0,000	1,0	0,060	0,000	0,000	0,011	0,004
	ЩЖШ еселігі	0,14	0,24	0,00	0,2	0,30	0	0	**1,1**	0,5
Түрген а. Енбекшік азақ ауданы нүкте №2 Құлмамбет145, көшесі	мг/м^3	0,013	0,041	0,000	1,0	0,140	0,000	0,000	0,002	0,004
	ЩЖШ еселігі	0,08	0,14	0	0,2	0,7	0	0	0,2	0,5
Отеген батыр кенті, Іле ауданы, нүкте №1 Пушкина 31, көшесі	мг/м^3	0,053	0,097	0,340	3,1	0,230	0,000	0,000	0,003	0,005
	ЩЖШ еселігі	0,33	0,32	0,68	0,6	**1,15**	0	0	0,30	0,6
Отеген батыр кенті, Іле ауданы, нүкте №2 Гагарин 6, көшесі	мг/м^3	0,046	0,080	0,000	1,1	0,2	0,2	0,000	0,004	0,004
	ЩЖШ еселігі	0,29	0,27	0,00	0,2	**1,0**	0	0	0,4	0,5
Қаскелен қаласы, Қарасай ауданы, нүкте №1 Әкімшілік	мг/м^3	0,052	0,073	0,000	1,7	0,1	0,5	0,000	0,006	0,013
	ЩЖШ еселігі	0,33	0,24	0,00	0,3	0,5	0	0,00	0,6	**1,6**
Қаскелен қаласы, Қарасай ауданы, нүкте №1	мг/м^3	0,046	0,185	0,000	0,0	0,180	0,000	0,000	0,012	0,008
	ЩЖШ еселігі	0,29	0,62	0	0	0,9	0	0	**1,2**	**1,0**

Абылай хан көшесі										
Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Әкімшілік	мг/м^3	0,114	0,163	0,000	1,3	0,220	0,2	0,000	0,003	0,004
	ШЖШ еселігі	0,71	0,54	0	0,3	**1,1**	0	0	0,3	0,5

Экстремалды жоғары және жоғары ластану жағдайлары (ЖЛ және ЭЖЛ): Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалмады.

**ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары және қабылданған шаралар туралы толығырақ ақпарат «Қазгидромет» РМК ресми сайтында «Экология» бөлімінде көрсетілген.*

2026 жылғы 3-ші тоқсанда Алматы қаласында атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2025 жылғы 3-ші тоқсанмен салыстырғанда жоғарғы деңгейде қалды (3-кесте).


3-кесте

Алматы қ. ауаның ластану деңгейінің динамикасы (3 тоқсан 2025–2026 жж.)

Елді мекен	Ластану деңгейі		Негізгі ластаушы заттар - ШЖШ$_{м.б.}$ асып кету жиілігі
	3 тоқсан 2025 ж.	3 тоқсан 2026 ж.	
Алматы қ.	**жоғары** СИ – 5,0 ЕЖҚ – 33%	**жоғары** СИ – 5,6 ЕЖҚ – 15%	PM-2,5 қалқыма бөлшектері (2,8), PM-10 қалқыма бөлшектері (1,5), азот диоксиді (3,4), күкірт диоксиді (1,4), азот оксиді (1,6), көміртек оксиді (1,9), озон (5,6), қалқыма бөлшектері (шаң) (1,2), фенол (1,0)

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде 3-ші тоқсан ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғандай, 2026 жылдың 3-ші тоқсанда Алматы қаласының атмосфералық ауа ластануы деңгейі жоғары болып келеді.

Негізінен, жеке секторлардың жылытуы мен жылу энергетикалық кәсіпорындарының шығарындыларының әсерінен туатын ауа ластануы суық ауа кезеңіне тән. Ауаның азот диоксидімен ластануы қала қиылысындағы авто көліктердің көптігі салдарынан туындағаның көрсетеді.

Ауа райының қолайсыздығына ауа райы жағдайларыда әсер етті, шілде айы ыстық әрі салыстырмалы түрде құрғақ болды. Қаладағы ауаның орташа температурасы климаттық нормадан **1,7 градусқа жоғары** болды.

Түнгі ауа температурасы **+17…+25°С** аралығында, күндіз **+28…+34°С** шамасында болды. Алайда айдың ортасында аптап ыстық орнап, температура **+36…+39°С-қа** дейін

көтерілді. **18–20 шілде күндері** ауа температурасы СГЯ деңгейіне жетіп, **+40…+41,5°С** болды.

Қысқа мерзімді жаңбыр, кейде нөсер түрінде, айдың бірінші және үшінші онкүндіктерінде байқалды. Қалған күндері айтарлықтай жауын-шашын болған жоқ. Жалпы, шілде айында **41,1 мм** жауын-шашын түсіп, бұл айлық нормадан (**43 мм**) сәл төмен болды.

Ай ішінде желдің максималды жылдамдығы негізінен **3–8 м/с** аралығында болды. Тек **8 және 21 шілдеде** желдің жылдамдығы **11 м/с-қа** дейін жетті.

Тамыз айы салыстырмалы түрде құрғақ болды. Ауа температурасы климаттық норма шамасында қалыптасты (норма +24,5 °С). Бірінші, екінші және үшінші онкүндіктердің ортасында қысқа мерзімді жаңбырлар жауды. Жалпы, жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан үш есе аз болды — 11,3 мм (қалыпты мөлшері 34 мм).

Ай бойы желдің жылдамдығы 3–8 м/с аралығында болды, жекелеген күндері желдің екпіні 10–12 м/с-қа дейін жетті.

Қыркүйек айында құрғақ әрі жылы ауа райы басым болды. Жауын-шашын негізінен айдың басында байқалды. Оның жалпы мөлшері шамамен 4,6 мм құрады, бұл климаттық нормадан (28 мм) алты есеге жуық төмен.

Ауаның орташа айлық температурасы шамамен +20°С болды (норма +18°С). Айдың бірінші жартысында ауа температурасының жоғарылауы байқалып, ең жоғары температура +34,5°С-қа жетті. Айдың екінші жартысында температура біртіндеп төмендеді, әсіресе соңғы онкүндікте айқын байқалды. Ауаның ең төменгі температурасы +8,0°С болды.

Жел режимі негізінен баяу болды. Жел екпінінің ең жоғары жылдамдығы 7 м/с-қа жетті.

Талғар қаласының атмосфералы ауа сапасының мониторинг нәтижелері.

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша **Талғар** қаласында атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі ***жоғары деңгейде*** болып бағаланды, **ЕЖҚ=17%** (көтеріңкі деңгей) және **СИ=5,0** (жоғарғы деңгей) бойынша анықталды.

Нақты мәндер, сонымен қатар арту жағдайларының сапасы мен саны жағдайларының мөлшерлері 4-Кестеде көрсетілген.

4-кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м³	ШЖШо.т. асу еселігі	мг/м³	ШЖШм.б асу еселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ оның ішінде	>10 ШЖШ оның ішінде
Күкірт диоксиді	0,099	1,98	0,784	1,57	6	396		
Көміртегі оксиді	0,332	0,11	22,988	4,60		8		
Азот диоксиді	0,056	1,40	0,360	1,80	17	1095		
Озон		0,00		0,00				

2026 жылғы 3-ші тоқсанның Талғар қаласында атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2025 жылғы 3-ші тоқсанмен салыстырғанда жоғарғы деңгейде қалды. (5-кесте).

5-кесте

Талғар қ. ауаның ластану деңгейінің динамикасы (3 тоқсан 2025–2026 жж.)

Елді мекен	Ластану деңгейі		Негізгі ластаушы заттар - $ШЖШ_{м.б.}$ асып кету жиілігі
	3 тоқсан	3 тоқсан	

	2025 ж.	2026 ж.	
Талғар қ.	**өте жоғары** СИ – 3,0 ЕЖҚ – 41%	**жоғары** СИ – 5,0 ЕЖҚ – 17%	азот диоксиді (1,8), күкірт диоксиді (1,57) көміртек оксиді (4,6)

Жетісу облысы бойынша атмосфералық ауа сапасының жай-күйі

Жетісу облысының атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Жетісу облысында атмосфералық ауасының жай-күйіне бақылаулар 3 автоматты станцияларда (Талдықорған қ.(2) және Жаркент қ.(1) және қаланың екі нүктесі бойынша жылжымалы экологиялық зертхана көмегімен жүзеге асырылады. (Қосымша 1).

Жалпы облыс бойынша бойынша 6 көрсеткіш анықталады: *1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) азот оксиді; 5) күкіртті сутегі, 6) озон.*

Жетісу облысының атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері.

Талдықорған қаласының атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып сипатталды, СИ = 3,9 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=0 % (төменгі деңгей) мәндерімен анықталды*.

Жаркент қаласының атмосфералық ауасының ластану деңгейі **төменгі деңгейде** бағаланды, СИ=1,4 (төменгі деңгей) және ЕЖҚ 0 % (төменгі деңгей) мәндерімен анықталды.

Нақты мәндер, нормативтен арту жағдайларының еселігі мен саны 6-Кестеде көрсетілген.

Кесте 6

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа концентрация		Ең жоғарғы бір реттік концентрация		ЕЖҚ	ШЖК арту жағдайларының саны		
	мг/м³	ШЖКо. т. асу еселігі	мг/м³	ШЖК м.б.асу еселігі	%	>ШЖК	>5 ШЖК соның ішінде	>10 ШЖК соның ішінде
Талдықорған қаласы								
Күкірт диоксиді	0,02	0,39	0,95	1,90	0	**12**		
Көміртегі оксиді	0,44	0,15	5,76	1,15	0	**3**		
Азот диоксиді	0,02	0,60	0,18	0,92	0	0		
Азот оксиді	0	0,01	0,08	0,21	0	0		
Күкіртті сутегі	0,0011		0,03	3,9	0	2		
Жаркент қаласы								
Күкірт диоксиді								
Көміртегі оксиді	0,51	0,17	6,98	1,4	0	**10**		
Азот диоксиді	0	0,04	0,18	0,92	0	0		
Озон	0,07	2,50	0,08	0,57	0	0		

2026 жылдың 3-ші тоқсанында Жетісу облысында атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2025 жылдың 3-ші тоқсанымен салыстырғанда:

• **өзгеріссіз**— Талдықорған қ.

• **өзгерістермен** —Жаркент қ. көтеріңкі деңгейден төменгі деңгейге түсті. (Кесте 7).

Кесте 7

Жетісу облысындағы ауаның ластану деңгейінің динамикасы (3 тоқсан 2025–2026 жж.)


қала	Ластану деңгейі		Негізгі ластаушы зеттектер - ШЖК$_{м.б.}$ асу еселігі
	3 тоқсан 2025 ж.	3 тоқсан 2026 ж.	
Талдықорған қ.	**көтеріңкі** СИ – 3,9 ЕЖҚ – 1%	**көтеріңкі** СИ – 3,9 ЕЖҚ – 0%	күкірт диоксиді (1,9), көміртегі оксиді (1,15), күкіртті сутегі (3,9)
Жаркент қ.	**көтеріңкі** СИ – 2,4 ЕЖҚ – 0%	**төменгі** СИ – 1,4 ЕЖҚ – 0%	көміртегі оксиді (1,4)

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЭЖЛ және ЖЛ): облыста тіркелген жоқ.

**ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары және қолданылған шаралар туралы толығырақ мәлімет «Қазгидромет» РМК «Экология» бөлімінде көрсетілген.*

Қорытынды:

Талдықорған қ. соңғы 5 жылдағы 3-ші тоқсандағы атмосфералық ауаның ластану деңгейіндегі өзгерістер:



Графиктен көрініп тұрғандай, Талдықорған қ. атмосфералық ауасының ластану динамикасында соңғы 5 жылдың 3-ші тоқсанында ауаның ластану деңгейі тұрақты түрде көтеріңкі деңгейді көрсетті.

Ауаның ластануына қаланың жолайрықтарындағы автокөліктердің кептелісі ауаның күкірт диоксиді және көміртегі оксидімен ластануына жоғары үлес қосатындығын білдіреді.

Талдықорған қаласында эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттектердің шоғырлары шекті жіберілетін концентрация шегінде болды (Кесте 8).

Кесте 8

Атмосфералық ауа сапасына эпизодтық өлшеулер жүргізу нәтижелері

Нүктелердің орналасқан жері		Азот диоксиді	Күкірт диоксиді	Азот оксиді	Көміртегі оксиді	Фенол	Формальдегид
Ескелді би көшесі бойынша облыстық емхана аймағы	мг/м^3	0,026	0,013	0,007	2,37	0,007	0,000
	ШЖК асу еселігі	0,13	0,03	0,02	0,5	0,73	0,01
«Сити плюс» ОСО аймағы	мг/м^3	0,000	0,011	0,017	0,82	0,001	0,001
	ШЖК асу еселігі	0,00	0,02	0,04	0,2	0,09	0,01

Шілде айында Жетісу облысы бойынша ауаның орташа температурасы 19,9-тен 27,5 градус жылы аралығына дейін құрады, бұл облыс бойынша нормадан жоғары болды. Областың жауын-шашын мөлшері 1,9-дан 34,0 мм-ге болды, бұл облыстың солтүстігінде, орталығында, шығысында, оңтүстігінде нормадан төмен, облыстың батысында норма көлемінде байқалды.

Тамыз айында Жетісу облысы бойынша ауаның орташа температурасы 18,8-тен 26,2 градус жылы аралығында болды, бұл облыс бойынша нормадан жоғары. Областың жауын-шашын мөлшері 3,2-ден 27,0 мм-ге болды, бұл облыстың басым бөлігінде нормадан төмен, облыстың батысында нормадан жоғары, облыстың солтүстігінде, шығысында, таулы аудандарда норма көлемінде байқалды.

Қыркүйек айында Жетісу облысы бойынша ауаның орташа температурасы 12,4-тен 20,1 градус жылы аралығына дейін құрады, бұл облыс бойынша нормадан жоғары байқалды. Облыс бойынша жауын-шашын мөлшері 0,0-ден 15,0 мм-ге байқалды, бұл облыс бойынша нормадан төмен болды.

2026 жылдың 3-ші тоқсанында ҚМЖ тіркелген жоқ.

3. Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 6 метеостанцияларда (Алматы, Ауыл-4, Есік, Қапшағай, Мыңжылқы, Текелі) алынған жаңбыр суының сынамаларына жүргізілді.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар – 31,8 %, сульфаттар – 21,6 %, нитраттар – 3,5 %, хлоридтер – 13,4 %, кальций – 16,1 %, натрий – 6,8 %, калий – 2,4 %, магний – 3,1 %, аммоний ионы – 1,3 % мөлшері басым болды.

9-кестеде жауын-шашын құрамындағы жекелеген ластаушы заттардың сипаттамасы келтірілген.

Кесте 9

Жауын-шашынның химиялық құрамы

Көрсеткіш	Метеостанциядағы ең аз концентрация	Метеостанциядағы ең жоғары концентрация
Жалпы минерализация	МС Текелі – 38,45 мг/дм^3	МС Ауыл-4 – 248,49мг/дм^3
Электрөткізгіштік	МС Текелі – 67,3 мкСм/см	МС Ауыл-4 – 462,0 мкСм/см
pH (сутегі көрсеткіші)	МС Текелі – 6,58	МС Қапшағай – 7,73
Аниондар, мг/л		
Сульфаттар (SO_4)	МС Текелі – 6,88	МС Ауыл-4 – 64,18
Хлоридтер (Cl)	МС Текелі – 5,27	МС Ауыл-4 – 46,33
Нитраттар (NO_3)	МС Мыңжылқы – 1,56	МС Ауыл-4 – 5,68
Гидрокарбонаттар (HCO_3)	МС Текелі – 12,09	МС Ауыл-4 – 55,96
Катиондар, мг/л		
Аммоний (NH_4)	МС Текелі – 0,19	МС Ауыл-4 – 3,06
Натрии (Na)	МС Есік – 2,56	МС Ауыл-4 – 22,27
Калий (K)	МС Текелі – 0,96	МС Ауыл-4 – 8,06
Магний (Mg)	МС Текелі – 1,18	МС Ауыл-4 – 8,12
Кальций (Ca)	МС Текелі – 6,07	МС Ауыл-4 – 34,82
Микроэлементтер, мкг/л		
Қорғасын (Pb)	МС Мыңжылқы – 0,08	МС Есік – 0,89
Мыс (Cu)	МС Мыңжылқы – 2,53	МС Есік – 7,51
Күшән (As)	МС Текелі – 0,15	МС Қапшағай – 1,13
Кадмий (Cd)	МС Алматы – 0,04	МС Қапшағай – 0,37

4. Жер үсті суларының жай-күйі

Алматы облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Шілік, Шарын, Баянкөл, Қаскелен, Қарқара, Есік, Түрген, Талғар, Темірлік, Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендерінде, **18** су объектісінің **34** тұстамасында жүргізілді.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **44** физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *температура, қалқыма заттар, мөлдірлік, сутегі көрсеткіші (pH), ерітілген оттегі, $ОБТ_5$, ОХТ, тұз құрамының бас иондары, биогендік элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар, пестицидтер.*

Түптік шөгінділер мен жағалаудағы топырақтың жай-күйі мониторингі

Түптік шөгінділер мен жағалау топырағының сапасына мониторинг 6 су нысанында (Іле, Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендері, Балқаш және Алакөл көлдері) **14** тұстамада жүргізіледі. Мыс, хром, кадмий, мырыш, марганец, қорғасын, мышьяк кездесуі анықталады.

Жер үсті суларының сапасы мониторингінің нәтижелері

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасын сыныптаудың бірыңғай жүйесі» *(ҚР СРИМ 04.06.2025 жылғы № 111-НҚ бұйрығы)* (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

Кесте 10

су объектісінің атауы	**су сапасының сыныбы**		**көрсеткіштер**	**өлшем бірлігі**	**концентрациясы**
	3 тоқсан 2025 жыл	**3 тоқсан 2026 жыл**			
Кіші Алматы өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	жалпы темір	мг/дм^3	0,123
			мыс	мг/дм^3	0,0018
			аммоний-ионы	мг/дм^3	0,62
Есентай өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	жалпы темір	мг/дм^3	0,12
			мыс	мг/дм^3	0,002
			аммоний-ионы	мг/дм^3	0,948
Үлкен Алматы өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып	жалпы темір	мг/дм^3	0,111
			мыс	мг/дм^3	0,0013
Іле өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	мыс		0,0015
Шілік өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	2 сынып *(жақсы сапа)*	жалпы фосфор	мг/дм^3	0,115
Шарын өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	1 сынып (*өте жақсы сапа)*			
Текес өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	аммоний-ионы		0,546
			мыс		0,0033

Қорғас өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	мыс	мг/дм^3	0,0023
Баянкөл өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	мыс	мг/дм^3	0,0019
Есік өзені	1 сынып (*өте жақсы сапа)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	жалпы темір	мг/дм^3	0,137
			мыс	мг/дм^3	0,0015
Қаскелен өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	жалпы темір	мг/дм^3	0,108
			мыс	мг/дм^3	0,0021
Қарқара өзені	1 сынып (*өте жақсы сапа)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	аммоний- ионы	мг/дм^3	0,513
Түрген өзені	1 сынып (*өте жақсы сапа)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	сульфаттар	мг/дм^3	102,267
Талғар өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	мыс	мг/дм^3	0,0013
Темірлік өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	мыс	мг/дм^3	0,0011
Лепсі өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	мыс	мг/дм^3	0,0017
Аксу өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	4 сынып (*ластанған)*	мырыш	мг/дм^3	0,016
Каратал өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	аммоний- ионы	мг/дм^3	0,56
			мыс	мг/дм^3	0,0018
Қапшағай су қоймасы	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	аммоний- ионы	мг/дм^3	0,68
			мыс	мг/дм^3	0,0013

2026 жылдың 3 тоқсанының қорытындысы бойынша, Шарын өзенінің су сапасы 1 сыныпқа жатады, Шілік өзені 2 сыныпқа жатады. Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Іле, Текес, Қорғас, Баянкөл, Есік, Қаскелең, Қарқара, Түрген, Талғар, Темерлик, Лепси, Қаратал өзендері, Қапшағай су қоймасы 3 сыныпқа жатады. Ақсу өзені 4 сыныпқа жатады.

Кестеде көрсетілгендей, 2025 жылдың 3 тоқсанымен салыстырғанда Шілік өзенінің су сапасы 3 сыныптан 2 сыныпқа ауысты, Шарын өзені 3 сыныптан 1 сыныпқа ауысты, су сапасы жақсарды; Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Іле, Текес, Қорғас, Баянкөл, Қаскелең, Талғар, Темерлик, Лепси, Қаратал, Қапшағай су қоймасы айтарлықтай өзгермеді, 3 сыныпқа жатады; Есік, Қарқара, Түрген өзендері 1 сыныптан 3 сыныпқа ауысты, Ақсу өзені 3 сыныптан 4 сыныпқа ауысты, судың сапасы нашарлады.

Алматы облысының су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар мыс, жалпы темір, жалпы фосфор, аммоний-ионы, мырыш, сульфат болып табылады. Осы көрсеткіштер

бойынша сапа нормативтерінің асып кетуі негізінен көптеген халық жағдайында қалалық ағынды сулардың төгілуіне тән.

Жоғары және өте жоғары ластану жағдайы

2026 жылдың 3 тоқсанда жоғары және өте жоғары ластану жағдайы тіркелмелді.

Алматы облысы мен Алматы қ. су объектілерінің сапасы бойынша ақпарат жармалар бөлінісінде 2-қосымшада көрсетілген.

Жетісу облысының су объектілерінің сапасы жөніндегі ақпарат жармалар бөлінісінде 3-қосымшада көрсетілген.

2026 жылдың 3 тоқсанда Балқаш көлі мен Алакөл көлдер жүйесі алабының жер үсті сулары түптік шөгінділерінің жай-күйі

Балқаш-Алакөл өзен-көлдері алабының түптік шөгінділерінде ауыр металдардың мөлшері келесі кең аралықта өзгерген: кадмий 0,01-тен 0,32 мг/кг дейін, қорғасын 4,32 – 58,82 мг/кг, мыс 0,23 – 1,72 мг/кг, хром 0,09 – 0,99 мг/кг, мырыш 1,21– 6,29 мг/кг, мышьяк 0,57 – 9,93 мг/кг, марганец 119,22 – 702,5 мг/кг.

Балқаш көлі мен Алакөл-Сасықкөл көлдер жүйесі бассейні суының түптік шөгінділерін зерттеу нәтижелері 4-қосымшада келтірілген.

2026 жылдың 3 тоқсанда Балқаш көлі алабы топырағының ауыр металдармен ластану жай-күйі

Қаратал өзені, автокөпір аймағында қорғасын 1,84 ШЖШ бойынша нормадан асқан.

Қаратал өзені, Үштобе қорғасын 1,23 ШЖШ бойынша нормадан асқан.

Қалған нүктелердегі топырақ сынамаларында ауыр металдардың мөлшері ШЖШ аспаған.

Балқаш көлі бассейнінің топырағын ауыр металдармен зерттеу нәтижелері 5-қосымшада келтірілген.

5. радиациялық жағдай

Гамма-сәулелену деңгейін бақылау Алматы қаласы мен Алматы облысының аумағында күн сайын 8 метеорологиялық станцияда (Алматы, Бақанас, Қапшағай, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған, Сарыөзек) және Талдықорған қаласының 1 автоматты бекетінде *(№2 ЛББ*) жүзеге асырылды. Атмосфераның жер үсті қабатының радиоактивті ластануын бақылау 5 метеорологиялық станцияда (Алматы, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған) горизонтальді планшеттермен бес тәуліктік ауа сынамаларын алу жолымен жүзеге асырылды.

Кесте 11

Көрсеткіштердің шекті мәндері

Көрсеткіш (ШЖШ)	Максималды концентрация	Минималды концентрация
Гамма-фон (0,57 мкЗв/ч)	0,26 мкЗв/ч	0,12 мкЗв/ч
Тығыздық (110 Бк/м^2)	3,0 Бк/м^2	1,5 Бк/м^2

Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,17 мкЗв/сағ құрады және радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 2,0 Бк/м^2 құрады, бұл шекті рұқсат етілген шоғырдан аспады.

6. Топырақтың ластану жағдайы

Алматы қаласының топырақтарының ластануына мониторинг жүргізу және топырақтағы ластаушы заттарды анықтау жұмыстары жылына үш рет 7 сынама алу нүктесінде жүзеге асады.

Топырақта келесі ауыр металдардың мөлшері анықталады: кадмий, қорғасын, мыс, хром, мырыш. (кесте 12).

Кесте 12

Ауыр металдардың концентрациясы

Наименование пункта наблюдений	Концентрация тяжелых металлов, мг/кг.									
	Cd (кислото-растворимая форма)		Pb (кислото-растворимая форма)		Cu (подвижная форма)		Cr (подвижная форма)		Zn (подвижная форма)	
	мин	макс	мин	макс	мин	макс	мин	макс	мин	макс
г. Алматы	0,05	0,49	23,65	81,42	0,52	2,66	0,15	2,41	4,06	22,45

Ауыр металдардың мөлшері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің саябақ аймағында: кадмий – 0,14 мг/кг, қорғасын – 23,65 мг/кг, мыс – 0,52 мг/кг, хром – 0,78 мг/кг және мырыш – 5,12 мг/кг болды.

Сайран көлінен 0,5 км төмен орналасқан аумақта ауыр металдардың концентрациясы: кадмий – 0,13 мг/кг, қорғасын – 37,44 мг/кг, мыс – 1,08 мг/кг, хром – 0,97 мг/кг және мырыш – 5,84 мг/кг құрады.

Абай даңғылы мен Сейфуллин даңғылының қиылысында ауыр металдардың мөлшері: кадмий – 0,49 мг/кг, қорғасын – 81,42 мг/кг, мыс – 2,66 мг/кг, хром – 2,41 мг/кг және мырыш – 22,45 мг/кг болды.

Майлин көшесінде, екі сынама алу пунктінде зерттеу жүргізілді. «Mercur» автокөлік орталығы ауданында кадмий – 0,24 мг/кг, қорғасын – 26,35 мг/кг, мыс – 1,34 мг/кг, хром – 0,65 мг/кг, мырыш – 6,38 мг/кг мөлшерінде анықталды. Әуежай ауданында кадмий – 0,31 мг/кг, қорғасын – 35,55 мг/кг, мыс – 0,57 мг/кг, хром – 0,84 мг/кг, мырыш – 4,06 мг/кг болды.

Бауыржан Момышұлы атындағы тоғайда анықталған металдардың мөлшері: кадмий – 0,05 мг/кг, қорғасын – 23,66 мг/кг, мыс – 0,75 мг/кг, хром – 1,37 мг/кг және мырыш – 4,75 мг/кг құрады.

Дорожник шағын ауданында ауыр металдардың концентрациясы: кадмий – 0,18 мг/кг, қорғасын – 24,76 мг/кг, мыс – 0,78 мг/кг, хром – 0,15 мг/кг және мырыш – 4,36 мг/кг болды.

Жалпы, топырақ сынамаларындағы хромның мөлшері рұқсат етілген шекті норма шегінде болды.

Топырақтың ластануына бақылаулар және топырақтағы ластаушы заттектерді анықтау Талдықорған қаласында 5 нүктеде және Жетісу облысында (Текелі қ. және Жаркент қ.) 10 нүктеде жылына үш рет жүзеге асырылады.

